

Д.К.Шегірова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Жоғары оқу орындарында интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі**

Мақалада интерактивті тақтаны жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінде пайдалану мүмкіндіктері мен артықшылығы сипатталды. ХХІ ғасырға қадам жасау жоғары технологиялар негізінде қоғамды дамытуға талап қойды. Интерактивті тақтаны қолдану студент бойында кәсіби салаларда аталған құралдың мүмкіндіктерін арттыра білу қасиетін қалыптастыратындығы, өз қызметіне деген қызығушылығын тудыратындығы талданған. Сонымен қатар интерактивті тақтаны пайдалану заман талабы болып табылатындығы көрсетілген. Бүгінгі таңда оқу үрдісінде кеңінен қолданылатын ақпараттық технологиялардың берер мүмкіндіктерінің артықшылықтары баяндалды.

Кілтті сөздер: интерактивті тақта, жоғары оқу орындары, оқу үрдісі, кәсіби салалар, ақпараттық технологиялар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, ақпараттық әдістемелік материалдар, коммуникациялық байланыс, компьютерлік құралдар, ақпараттық қоғам.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігімен бірге елімізге енген жаңашылдықтардың бірі — оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану. Жаңа технологиялар қоғамның әр саласына енгізіліп, өзінің жемістерін беріп келеді. Сондай оң өзгерістердің бірі — білім беру мекемелеріне келген «Интерактивті тақта» қызметі. Жалпы ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, Интернетте жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануға негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Бүгінгі таңда біз куә болып отырған ақпараттық қоғамның негізгі талабы — студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы өте зор.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында: «Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», — деп атап көрсетті.

ХХІ ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр — ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі — қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Кейінгі кезде шет елдерде және біздің елімізде де компьютерде оқытудың жаңа бағыттары

пайда болды. Ол американ ғалымы С.Пейперт ойлап тапқан «конструкциялық модельдеу». Ондағы идея — оқу процесінің өзінің «ортасы» болып, баланың компьютермен «өнер иесі» ретінде жұмыс істеуіне жағдай жасау. Компьютер арқылы кестелік жағдайларда арифметикалық амалдардың нәтижелерін табуға оқушыларды үйрету керек деген ұсыныстар жаңсақ сияқты, сондықтан олармен келісу мүмкін емес. Өйткені кестелік қосу, азайту, көбейту және бөлудің нәтижелерін оқушы берік есінде сақтауы керек. Ал көп таңбалы сандармен амалдар жүргізу кезінде оқытудың құралы ретінде компьютерді қолдану тиімді және ол компьютерлік сауаттылықтың бастамасы болмақшы. Әрине, компьютердің оқыту құралына айналуы математиканың, басқа да пәндердің оқыту мазмұнына түбегейлі өзгеріс енгізуге себепші бола алады. Демек, осы бағыттағы ізденістер білімнің әр саласын шоғырландыра түсу арқылы пәнаралық байланысты жасауға жеткізетін жол болуы тиіс.

Күнделікті өмірде қарапайым ұғымға айналған білім берудегі интерактивті технологияны қолдану барысында студенттің топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, топ студенттері бірін бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық студенттердің қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқынды білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол — өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне, жаңалықтарына бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Егеменді еліміздің болашағы білім беру жүйесіне байланысты. Заман талабына сай қазіргі мектептерде білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту — білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы талапқа сай оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы оқушылар шығармаларын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дамыту, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу — мұғалімдер алдындағы басты міндет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу» білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдай, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі уақыт — жаңа технология мен компьютер заманы. Осы ғасырдағы соңғы он жыл ішінде біздің өмірімізге түбегейлі өзгеріс енді. Жаңа буын оқулықтары мен электронды мәдениет әлеміне аяқ бастық. Сонымен бірге ұстаздың да рөлі өзгерді. Ол енді жоғарғы деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуы тиіс. Оған қойылатын талап та жоғарғы деңгейде болады. Жаңа технологияның арқасында оқушылардың дамуына үлкен үлес қосылды. Заман ағымына қарай қазіргі дәстүрлі сызба мына қағиданы басшылыққа алады: «мұғалім — оқушы — оқулық». Осы уақытқа дейін біз пайдаланып жүрген кез келген практикалық материал, энциклопедиялар, диафильмдер қызықсыз дерлік болып қалды деуге де болады. Практикалық өмір дәлелдегендей, ендігі таңда инновациялық технологияларсыз дамыған мектепті және жоғары мектепті көз алдымызға елестету мүмкін емес. Адамдар жылдар бойына сақтап, жинаған өмірлік азығын енді кішкентай ғана компакт-дискіде сақтайтын болды. Күні кеше ғана бұл қол жетпейтін фантастикалық әлем еді. Қазіргі таңда бәріне бейім, тез қабылдайтын ізденімпаз тұлғалар оның бәрін санасында ұстап, мобильді телефондарды, әр түрлі DVD-плеерді қолдануды меңгере бастады. Алдағы 10 жыл аралығында компьютерлік білімді меңгеру деңгейі өсіп, бастауыш сынып оқушыларының да компьютерді үйренуге деген талабы артады. Компьютердегі мәтіндер, аудио-, бейнекөрсетілімдер, анимациялар балалардың білім алу деңгейін жоғарлатады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, 20 % — естігені, 30 % — көргені, 50 % — өзі әрекет еткені есте қалады екен. Осының бәрін практикалық өмірде көрсетіп жүрген өз мамандығының майталман шеберлері инновациялық технологияларды, яғни мультимедиялық презентацияларды, еңбегінің жемісі ретінде қабылдай отырып, мұғалімдік мамандықтың қыр-сырын түсініп алға ұмтылады. Өз жұмысына деген қызығушылық артады. Жаңа технологияны меңгере білген ұстаз, өз өмірінің қуанышқа толы екендігін түсініп, көре біледі. Мұның қаншалықты бақыт екенін сезініп, заман ағымына қарай жаңа технология элементтеріне сүйене отырып, мультимедиялық кабинеттерде интерактивті тақтаның көмегімен слайдтар арқылы өткізу тиімді тәсілдердің бірі деп есептейді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі — оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып

табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасак, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Компьютердің қыр-сырын меңгерген интеллигент тұлғалар ғаламтордың да пайдасын көре бастады. Үнемі ізденісте жүріп өзіне қажетті мағлұматтарды, кол жетпес ақпараттарды ғаламтордан таба бастады. Бұл прогрестің алға жылжуы емес пе? Яғни адамзатқа бағынбайтын биік белес тауларды бағындырғанмен бір есеп. Жадымыздағы компьютер, плеер, диск, мобильді телефон деген сөздер құлағымызға сіңісті болып күнделікті қалыпты дүниеге айналууда. Болашақта біз технологияның дамуынан әлі де үлкен жаңалықтар, ғылыми ашылулар күтеміз. Себебі біз ізденуден жалықпайтын жаңашыл тұлғамыз.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ал өз іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып отырған қазіргі кездегі мұғалімнің міндеті жоғарыда айтылған мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, әр оқушыға еңбек етуде. Жаңа ғасырға жаңа бағдарламалар да енгізілуде. Жаңа бағдарламада, ең алдымен, оқушының білім алуға деген ынтасын, жауапкершілігін арттыру, берілетін оқу материалының күрделі болуы, баланың білім алуы үшін қамтылған. Жаңа оқулықтағы тапсырмалар жаңа технологияға негізделіп берілген. Қоғам педагогикалық шеберлік деңгейі жоғары, жаңашыл, инновациялық көзқарастағы ұстаздарды қалыптастыруды талап етуде.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі алдындағы шәкірттерін бағалауы орын алады. Сондықтан қазіргі мектеп мұғалімі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбие технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыттап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет. Бүгінгі шәкірт — ертенгі маман. Ендеше, қоғам талабына сәйкес мұғалімнің негізгі мақсаты — оқушының білім сапасын көтеру. Ол үшін мұғалімнің алдында сабақ сапасын көтеру түрін жетілдіру, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, қабілетін дамыту міндеттері тұр. Демек, мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі шарт. Оқушы үшін пәнге қызығушылықты оятатын, ойластыратын негіз — оқытушының интеллектуалдық ізденісінде. Олай дейтініміз, қазіргі кезде сабақты ұйымдастырудың, оқытудың жаңа технологиясы дамып, оны қолдану тәжірибеге енген кезеңде одан алыс қалу кешірілмейтін жағдай. Сабақ ұйымдастырудың түрлеріне басты назар аудару керек. Біз өз сабақтарымызда оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі тиімді формаларын оқып-үйреніп, қолданып отыруға тырысамыз. Осы орайда сөзіміз дәлелді болу үшін

жұмыс барысындағы іс-тәжірибемізден баяндайық. Жаңа педагогикалық технологиялар бір-біріне ұқсамайды, тек дұрыс пайдаланып, шәкірт жүрегіне жол таба білу қажет. Кез келген технологиямен жұмыс жүргізгенде сол технологияны мұғалім өзі жақсы меңгеруі тиіс. Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады, олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже. Жоғарыда айтылған теориялық мәліметтерге сүйене отырып, күнделікті оқу үрдісінде қолданылатын инновациялық технологияларды, оның ішінде кеңінен қолданыс тапқан интерактивті тақтаны сипаттайық.

Жалпы қазіргі уақытта жаратылыстану-ғылыми білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интерактивті технология — мұндағы «интерактивті» сөзі — *inter* (бірлесу), *act* (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Интерактивті тақта — бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал [1]. Бүгінгі күні оның түрлері көп. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық.

ACTIVboard құрылғысы компьютер, мультимедиалық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады. Активті қалам — бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы болып табылады.

Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиалық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында студент тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио-, бейнеқұжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде оқытушы қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады [2].

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- алған білімді жүйелеу;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру, жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио- және бейнеақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40–50 % дейін арттырады. Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында оқытушы сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік-бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы оқытушыға «оқытушы — студент» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық дифференциалды болуы тиіс. Себебі әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану әр түрлі сипатқа ие [3].

Ғылым ғасырының мүмкіндіктерін игеріп отырған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде. Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады. Ақ тақта режимі — ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелену үшін түрлі-түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы, географиядан, физика, биологиядан және т.б. пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде географиялық картаны, физикалық

аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

Екінші режим — Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар, даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point-презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office-нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі арқылы құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес, құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, оқытушы студентті тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим — тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы. Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, Интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа енгізілген, немесе инновация, адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді. Педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көп түрлілігіне қарамастан, дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа — жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан, мұғалімнен арнайы психологиялық-педагогикалық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады. Инновация *жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс* деген ұғымды білдіреді. Инновация — құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері түрлері, мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар — озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс. Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Себебі мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады. Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие

процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға. Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Олай болса, қоғамдық ақпараттандыру дегеніміз — ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті процесс. Қазіргі заман оқытушыдан тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [4].

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық үрдісінің негізіне айналады. Ақпараттық-технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүние жүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің ролі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүние жүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады. Сондықтан да осынау үлкен бір тұтас үрдістің бір бөлшегі ретінде интерактивті тақтаны қолдану қай қырынан алсақ та, барынша тиімді.

Студенттердің интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады. Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.
2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, кей жағдайда мүмкін.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.
4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.
5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабақтың өнімділігі артады.
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Осылай ойлау қабілеті жоғары, тұлға ретінде жан-жақты дамып келе жатқан келешек маман тәуелсіз еліміздің барлық салаларында аса қажет екендігін бүгінгі еңбек нарығының талаптары дәлелдеп келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Головина Н.Н. Информационные технологии как средство формирования интеллектуальных умений у студентов колледжей. — М.: Наука, 2007. — С. 13.
- 2 Мансуров З.А. Современные тенденции развития информационных технологий в высшем образовании // Информационные технологии в высшем образовании. — 2010. — № 1. — С. 5–6.
- 3 Мухлис К. Компьютерлік технологияны оқыту процесінде қолданылу ерекшеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 2006. — № 8. — 52–56-б.
- 4 Сарбасова Қ.А. Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану // Бастауыш мектеп. — 2004. — № 10. — 17–18-б.

Д.К.Шегирова

Эффективность применения интерактивной доски в вузе

Показано, что вступление человечества в XXI в. требует перехода к новой стратегии развития общества на основе знаний и высокоэффективных технологий. Автором рассмотрены возможности применения интерактивной доски в учебном процессе, которые способствуют развитию профессиональных навыков, развивают профессиональный интерес у студентов. Проанализированы преимущества использования информационных технологий в учебном процессе.

D.K.Shegirova

Efficiency of the using interactive boards in high school

Introduction of humanity to the twenty-first century requires a transition to a new strategy for development of a society based on knowledge and high technology. In the article «Efficiency of application of interactive board in institution» of higher learning is examined application of interactive board in the educational process of higher educational establishment. And also in the article expounded that application of interactive board in higher educational establishments assists development professional skills, gives an opportunity to develop professional interest for a student, advantage applications are analysed by informative technologies in an educational process, given a report that application of interactive board is the requirement of in nowadays time.

ӘОЖ 378.147:81'243

Г.С.Тоқтыбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Сызу сабақтарында оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

Мақалада сызу сабақтарында оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру сұрақтары қарастырылған. Автор мультимедиалық технологияны сызу сабағында қолдану мүмкіндіктеріне көңіл бөлген. Оқушылардың теориялық ойлауын, көрнекі-нақтылау, көрнекі-үлгілеу арқылы дамыту үрдісін белсендіру тәсілдері мен құрылғылары туралы жазған. Ұсынылған тәсілдер мен құрылғылар оқытуды қабылдаудың тәсілдерін шешу есептерімен мақсатқа жетуді көздейді.

Кілтті сөздер: графикалық жұмыс, сызу сабақтары, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік, мультимедиалық технология, белсендіру тәсілдері.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, Интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Білім жүйесінің сапасын арттыру, бүгінгі болашақ жастардың оқу орындарының қабырғасынан бастап бәсекелестікке белсенді, өз бетімен шешім қабылдай алатын, өз тағдырына және отбасымен қоғамның алдында жауапкершілікті сезінетіндей тұлғаны дайындап шығару болып табылады.

Бүгінгі бітіруші түлек — ол құзыреттілік кілтіне ие тұлға. Олардың құзыреттілігін қалыптастыру кез келген оқу орнының басты тапсырмасы.

Сондықтан тек қана дәстүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы бұл мәселені шешу мүмкін емес. Оның шешімін табуда оқыту барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану болып табылады.